

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ НҮСҚАУЛАР

Құрылғыны пайдаланбас бұрын барлық нұсқаулықтарды мұқият оқып шығыңыз.

Осы нұсқаулықтарды сақтап қойыңыз



Ескеріңіз:

Бұл таңба пайдаланушыға арналған маңызды кеңес пен ақпаратты ерекшелейді.

- Пешті бірінші рет пайдаланбас бұрын, пештің ішіндегі қорғаныш қатырма қағаз, кітапшалар, полиэтилен қалталары, т.б. сияқты кез келген қағазды және басқа нәрселерді алып тастаңыз.
- Пайдалану алдында тасымалдау барысында құрылғының зақымданбағанын тексеріңіз.
- Құрылғы қосылған розеткадан кемінде 20 см қашықтықта орналасуы керек.
- Тасымалдау алдында қыздыру элементтеріне жабыстырылған қорғаныш заттардың болуынан туындайтын кез келген түтінді және «жаңа» иісті кетіру үшін, бірінші рет пайдалану алдында құрылғының термостатын кемінде 30 минутқа қойып, пешті бос күйінде, CONVECTION режимінде максималдық қуатпен қосыңыз. Бөлмені желдетіңіз.
- Қыздан зақымдануы мүмкін беттерге қойып пайдаланбаңыз.
- Пешті өтпе желі жоқ бөлме ішіне, кез келген ыстық көздерінен және күн көзінен аулақ жерде қою керек.
- Пайдаланбас бұрын қолмен ғана жуылуы керек құрылғының науасынан басқа барлық қосымша құралдарды қолмен немесе ыдыс жуғышта мұқият жуыңыз.
- Пеш 5 с. дейін ток ажыратылған жағдайда қолданылатын таймерді қалпына келтіру жүйесімен жабдықталған.



Ескерту!

Мұндай ескертулерді елемеу жарақаттарға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

- Бұл пеш тамақ пісіруге арналған. Оны ешқашан басқа мақсаттар үшін пайдалануға, кез келген түрде құрылымын өзгертуге немесе жасанды түрі жасалмауы керек.
- Құрылғыны орамынан алған соң, есіктің бүлінбегенін және дұрыс жұмыс істеп тұрғанын

тексеріңіз.

Ол шыныдан жасалғандықтан, пеш есігі сынғыш болады.

Егер оның шытынағаны, соғылғаны немесе сызылғаны байқалса, оны ауыстыру керек.

Құрылғыны пайдалану, тазалау немесе жылжыту барысында есіктің қатты жабылуына немесе итерілуіне жол бермеңіз. Құрылғы ыстық болған кезде шыныға суық сұйық зат құймаңыз.

- Құрылғыны кемінде 85 см жоғары және балалардың қолы жетпейтін тегіс бетке қойыңыз.
- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалардың осы құрылғымен ойнамауын қадағалаңыз. Пайдаланушы орындайтын тазалау және күтім көрсету жұмыстарын балалар 8 жастан аспайынша және үнемі қадағалауда болмайынша орындамауы керек.
- Құрылғыны және оның қуат кабелін 8 жастан аспаған балалардан аулақ ұстаңыз.
- Құрылғыны қолдану барысында жылжитпаңыз.
- Бұл құрылғыны мына жағдайларда пайдаланбаңыз:
 - қуат кабелінде ақаулық болса
 - құрылғы құлап кеткен болса, оның зақымданғаны немесе ақаулығы байқалса. Мұндай жағдайларда барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін құрылғыңызды ең жақын жердегі уәкілетті

- тұтынушы қызмет орталығына алып барыңыз.
- Бұл құрылғыны ешқашан ыстық көздерінің қасына қоймаңыз.
- Бұл құрылғыны жылу көзі ретінде пайдаланбаңыз.
- Пештің ішіне ешқашан қағаз, қатырма қағаз немесе пластмассаны салмаңыз және құрылғының үстіне ешқашан ешнәрсе қоймаңыз (құралдар, торлар, басқа заттар).
- Құрылғының үсті мен артындағы желдету тесіктеріне ешнәрсе тықпаңыз. Оларға ешнәрсе тұрып қалмағанына көз жеткізіңіз.
- Бұл пеш кірістіріп орнатуға арналмаған.
- Оның ашық тұрған есігіне ауыр заттарды, ыстық ыдыстарды немесе контейнерлерді ешқашан қоймаңыз.
- Тұтқаны төмен қарай баспаңыз.
- Кәсіби немесе дұрыс емес қолдану немесе нұсқауларды орындамау өнім жасаушысын барлық жауапкершіліктерден босатады және кепілдікті жарамсыз етеді.
- Бұл – тек үйде пайдалануға арналған құрылғы.

Ол дүкендердегі, офистердегі және басқа жұмыс орталарындағы қызметкерлер тамақтанатын орындарда; агротуризмде; қонақүйлерде, мотельдерде және басқа қонақ күту орталарында; төсек және таңғы ас беретін орталарда пайдалануға арналмаған.

- Пайдаланылмаған кезде және тазаламас бұрын, құрылғыны әрқашан розеткадан ажыратып жүріңіз.
- Бұл құрылғыны таймермен немесе бөлек қашықтан басқару жүйесімен пайдаланылмауы керек.
- Бұл құрылғыны артын қабырғаға қаратып орналастыру арқылы пайдалану керек.
- Табаны тазалау үшін өткір немесе істік металл заттарды пайдаланбаңыз.
- Тазалау алдында әрқашан құрылғыны розеткадан ажырату арқылы өшіріп отырыңыз.

• Бұл жоба тағам сақтауға арналмаған.

Тамақ пісіру қосымша құралдары тамақ сақтауға арналмаған (әсіресе олар қышқылдандырғыш болса). Лимон шырыны немесе сірке суы сияқты қышқылды заттарды тамақ пісіру қосымша құралдарының бетінде қалдырмаңыз. Лимон шырыны, қызанақ соусы, сірке суы және сол сияқты қышқылды заттар беткі бөлікті шірітуі және құртуы мүмкін.

Күйіп қалу қаупі бар!

Осы ескертулерді елемей күйіп қалуға әкеп соқтырады.

- Жұмыс істеп тұрған кезде қақпақ және қол жетімді сыртқы беттері қатты қызуы мүмкін. Әрқашан құлақшаларды, тұтқаларды және түймелерді ғана ұстап пайдаланыңыз. Металл бөліктерді немесе шыныны ешқашан ұстамаңыз. Қажет болса ас пісіру қолғабын киіңіз.
- Бұл құрылғы өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін жоғарғы температураларда жұмыс істейді.
- Жанғыш өнімдерді ешқашан пештің қасына немесе ол орналасқан жердегі жұмыс істелетін бетке қоймаңыз.
- Бұл құрылғыны ешқашан қабырға шкафының, текшесінің астында немесе перделер, жалюздер және т.б. сияқты тұтанғыш материалдардың қасында пайдаланбаңыз.
- Егер тамақ немесе пештің басқа бөліктері өртенсе, өртті ешқашан сумен өшіруге әрекеттенбеңіз. Қақпақты жабыңыз, розеткадан суырыңыз және отты дымқыл шүберекпен бүркеңіз.

Қауіпті!

Осы ескертулерді елемей электр тогына түсуге және өлім қаупіне әкеп соқтыруы мүмкін.

- Розеткаға қоспас бұрын, мынаған көз жеткізіңіз:
- Құрылғының төлқұжат жапсырмасында

көрсетілген кернеуі үйдегі розетканың кернеуіне сәйкес.

- Розеткада кемінде 16 А қуат бар және жерге тұйықтау сымы бар.

Осы апатты жағдайдың алдын алуға арналған ереже орындалмаған жағдайда өнім жасаушысы ешнәрсе үшін жауапты болмайды.

- Қуат кабелінің түйдектеліп қалуына жол бермеңіз және пештің ыстық бөліктерін ұстамаңыз. Құрылғыны қуат кабелін тарту арқылы ешқашан ажыратпаңыз.
- Егер ұзартқыш кабельді пайдаланғыңыз келмесе, оның жақсы күйде тұрғанына, розетканың жерге тұйықталғанына және сымдардың айқасқан бөліктері кемінде құрылғымен бірге берілген қуат сымына тең екеніне көз жеткізіңіз.
- Электр тоғына түсудің алдын алу үшін қуат сымын, ашаны немесе құрылғының өзін ешқашан суға батырмаңыз.
- Егер қуат кабелі зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны өнім жасаушысы, өнім жасаушысының қызмет көрсету орталығы немесе білікті маман ауыстыруы керек.
- Жеке қауіпсіздікті сақтау үшін, құрылғыны бөлшектемеңіз. Әрқашан қолдау орталығымен хабарласып отырыңыз.



Бұл өнім тағам өнімдерімен байланысқа түсетін материалдарға қатысты № 1935/2004 CE ережесіне сай.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Бұйым түрі: өнімдегі таңбалауға қараңыз

Үлгі: "
Кернеу: "
Жилілік: "
Қуаты: "

Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.

via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy

Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.

Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

Кедендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауапкершілікті және импортер:

“Делонги” ЖШҚ

127055 Ресей, Мәскеу қ.

Сущёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат

Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

ЕАС

ҚҰРЫЛҒЫ СИПАТТАМАСЫ

- A Үстіңгі қыздыру элементі
- B Ішкі шам
- C Шыны есік
- D Торлар
- E Таба
- F Дисплей
- G Таймер тетігі ☺
- H START түймесі
- I Қызыл жұмыс шамы
- L Ішкі температураны басқару түймесі 🌡
- M Температураны/салмақты реттеу тетігі 🌡/🍷
- N Қосу/күту күйі түймесі ⏻
- O Функция таңдау тетігі FUNCTION
- P Астыңғы қыздыру элементі
- Q Пицца плитасы
- R Қиқым науасы
- S Табаны қыздыру элементі (көрінбейді)

ДИСПЛЕЙ


Таңдалған функция индикаторы



Пісіру уақыты индикатор /сағат

Таңдалған функция белгішесі

Температура /салмақ индикаторы



- Тасымалдау алдында қыздыру элементтеріне жабыстырылған қорғаныш заттардың болуынан туындайтын кез келген түтінді және «жаңа» иісті кетіру үшін, бірінші рет пайдалану алдында құрылғының термостатын кемінде 30 минутқа қойып, пешті бос күйінде, CONVECTION режимінде максималдық қуатпен қосыңыз. Бөлмені желдетіңіз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

Кернеу: 220-240 В ~ 50/60 Гц


Тұтынылатын қуат: 2000 Вт

Өлшемдер: ҮхБхД; 490х445х300

Салмағы: 11,586 кг

ОРНАТУ ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ ПАЙДАЛАНУ

- Пешті бірінші рет пайдаланбас бұрын, пештің ішіндегі қорғаныш қатырма қағаз, кітапшалар, полиэтилен қалталары, т.б. сияқты кез келген қағазды және басқа нәрселерді алып тастаңыз.
- Пайдалану алдында тасымалдау барысында құрылғының зақымданбағанын тексеріңіз.
- Құрылғыны тегіс, қатты бетке қойыңыз- Құрылғының үстінен кез келген затты алып тастаңыз. Қызудан зақымдануы мүмкін беттерге қойып пайдаланбаңыз.
- Пайдаланбас бұрын қолмен ғана жуылуы керек қиқым науасынан басқа барлық қосымша құралдарды қолмен немесе ыдыс жуғышта мұқият жуыңыз. Қиқым науасын бөліктің төменгі жағына, төменгі қыздыру элементінің астына салу керек.



- Құрылғы қосылған розеткадан кемінде 20 см қашықтықта орналасуы керек. Құрылғыны пайдаланбас бұрын оны қабырғадан 10 см жылжытыңыз және ол қойылған беттегі басқа заттарды алып тастаңыз.

САҒАТТЫ РЕТТЕУ

Құрылғы розеткаға алғаш рет қосылған кезде немесе ток болмай қалған кезде ол дыбыс шығарады және дисплейде ("--:--") көрінеді. 5 секундтан соң пеш өшеді, себебі күн уақыты орнатылмаған және құрылғы күту режиміне өтеді. Сағатты орнату үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

START түймесін (H) кемінде 3 секунд (2-сур.) басып тұрыңыз.

Уақыт жыпылықтай бастайды (00:00).

☉ Таймер тетігін (G) (13:00) бұрау арқылы уақытты орнатыңыз.

START түймесін (H) басыңыз.

Минуттар жыпылықтай бастайды (13:00).

Минутты ☉таймер тетігін (G) (13:26) бұрау арқылы реттеңіз.

START түймесін (H) басыңыз.

Орнатылған уақыт көрсетіледі(13:26).


Егер уақытты кейінірек өзгерткіңіз келсе, жоғарыдағы процедураны қайталаңыз. Уақытты өзгерту үшін құрылғы күту режимінде болуы керек.



BAKE FUNCTION (Дәстүрлі пісіру)

Бұл функция жалпы лазанья, канелони және торт пісіруге өте ыңғайлы...

- Қосу/күту режимі түймесін (N) басыңыз. Пеш іске қосады. Пеш қосылған кезде ешбір тетік бұралмаса немесе түйме басылмаса, ол 2 минуттан соң өшіп, күту режиміне өтеді.
- Дисплейде пайда болатын автоматты түрде таңдалатын функция – BAKE (дәстүрлі пісіру).




Өзгертуге болатын мәндер, пісіру уақыты және температура жыпылықтайды. Егер осы мәндер орнатылмаған болса, дисплейде 1:00 h (сағ.) және 180°C көрінеді.

- Температураны/салмақты реттеу тетігін (M) Температураны реттеу үшін бұраңыз (минималдық 80°C-тан максималдық 220°C-қа дейін).
- Таймер (G) пісіру уақытын (минималдық 0:01 минуттан максималдық 2:00 сағатқа дейін) орнату үшін бұраңыз.
- Алдын ала қыздыру кезеңін бастау үшін START түймесін (H) басыңыз. START түймесінің (H) айналасындағы қысыл шам

(I) жанады және дисплейде PRE-HEAT (Алдын ала қыздыру) хабарын көрсетеді.

- Пеш орнатылған температураға жеткен кезде, дыбысты сигнал естіледі. Бұрын орнатылған пісіру уақыты кері санала бастайды.
- Есікті ашып, пісірілетін тамақты отқа қақтау плитасына (D) немесе табаға (E) 1 не 2 күймен қойыңыз.



- Есікті жабыңыз.
- Пісіру уақыты аяқталған кезде, дисплейде END (Аяқталды) хабары көрінеді де, пеш дыбысты сигнал береді.
- Пешті қайта орнату үшін, пайдалану барысында немесе пісіру аяқталған кезде, яғни, дисплейде END хабары көрінген кезде, қосу/күту күйі (N) 2 секундқа басыңыз.
- Пеш есігін ашып, тамақты пеш қолғабын киіп алыңыз.

BAKE (Дәстүрлі пісіру) функциясы (дәстүрлі пісіру) қосылады да, функцияны CONVECTION (желдетіп пісіру) немесе BROIL/GRILL (Қуыру/Отқа қақтау) күйіне пісіруді тоқтатпай өзгерте аласыз. Жаңа қалаған функцияларды таңдау үшін функция таңдағыш FUNCTION тетігін (O) бұрасаңыз болғаны. Пісіру уақыты мен температура бұрын орнатылған күйінде қалады. BROIL/GRILL (Қуыру/Отқа қақтау) функциясы үшін температура автоматты түрде орнатылады.


ТАҒАМДАР	САЛМАҒЫ	КҮЙ ОТҚА ҚАҚТАУ ПЛИТАЛАРЫ/ТАБА	ТЕМПЕРАТУРА	TIME (минут)
канелони	1000 г	отқа қақтау плитасы 1-күйде	180 °C	35-40
балық	1000 г	таба 2-күйде	200° C	30-35
қызанақ гратині	1000 г	таба 2-күйде	200° C	25-30
бисквит	700 г	отқа қақтау плитасы 1-күйде	170 °C	25-30
сақина торт	750 г	отқа қақтау плитасы 1-күйде	180 °C	30-35
джемді торт	1000 г	таба 2-күйде	180 °C	30-35
қара өрік торты	900 г	отқа қақтау плитасы 1-күйде	150 °C	85-90
тәтті нандар	12	таба 2-күйде	170 °C	20-25



CONVECTION FUNCTION (Желдетіп пісіру)

Бәліштер, құс етін, картоптарды, қатпарлы қамырларды пісіруге өте қолайлы...


- Қосу/күту режимі түймесін (N) басыңыз. Пеш іске қосады. Пеш қосылған кезде ешбір тетік бұралмаса немесе түйме басылмаса, ол 2 минуттан соң өшіп, күту режиміне өтеді.
- Дисплейде пайда болатын автоматты түрде таңдалатын функция – BAKE (дәстүрлі пісіру).
- FUNCTION тетігін (O) CONVECTION режимін таңдау үшін бұраңыз. Өзгертуге болатын мәндер, температура және пісіру уақыты жыпылықтайды. Егер осы мәндер орнатылмаса, дисплейде 1:00 h (сағ.) және 180°C көрінеді.



- Температураны/салмақты реттеу тетігін (M) температураны реттеу үшін бұраңыз (минималдық 80°C-тан максималдық 220°C-қа дейін).
- Таймер тетігін (G) пісіру уақытын (минималдық 0:01 минуттан максималдық 2:00 сағатқа дейін) орнату үшін бұраңыз.
- Алдын ала қыздыру кезеңін бастау үшін START

түймесін (H) басыңыз. START түймесінің (H) айналасындағы қызыл шам (I) жанады және дисплейде PRE-HEAT (Алдын ала қыздыру) хабарын көрсетеді.

- Пеш орнатылған температураға жеткен кезде, дыбысты сигнал естіледі. Бұрын орнатылған пісіру уақыты кері санала бастайды.
- Есікті ашып, пісірілетін тамақты отқа қақтау плитасына (D) немесе табаға (E) 1 не 2 күймен қойыңыз.



- Есікті жабыңыз.
- Пісіру уақыты аяқталған кезде, дисплейде END (Аяқталды) хабары көрінеді де, пеш дыбысты сигнал береді.
- Пешті қайта орнату үшін, пайдалану барысында немесе пісіру аяқталған кезде, яғни, дисплейде END хабары көрінген кезде, қосу/күту күйі түймесін (N) 2 секундқа басыңыз.
- Пеш есігін ашып, тамақты пеш қолғабын киіп алыңыз.

CONVECTION функциясы (желдетіп пісіру) қосылады да, функцияны BAKE (дәстүрлі пісіру) немесе BROIL/GRILL (Қуыру/Отқа қақтау) күйіне пісіруді тоқтатпай өзгерте аласыз. Жаңа қалаған функцияларды таңдау үшін FUNCTION тетігін (O) бұрасаңыз болғаны. Пісіру уақыты мен температура бұрын орнатылған күйінде қалады. BROIL/GRILL (Қуыру/Отқа қақтау) функциясы үшін температура автоматты түрде орнатылады.


ТАҒАМДАР	САЛМАҒЫ	КҮЙ ОТҚА ҚАҚТАУ ПЛИТАЛАРЫ/ТАБА	ТЕМПЕРАТУРА	TIME (минут)
бөлке	500 г	таба 2-күйде	170 °C	35-40
дәмді бәліш	700 г	отқа қақтау плитасы 1-күйде	180 °C	30-35
бүтін тауық	2500 г	таба 1-күйде	180 °C	90-100
тауық етінің бөліктері	1500 г	таба 1-күйде	180 °C	40-45
кәуап	1000 г	таба 2-күйде	170 °C	55-60
қуыру	1000 г	таба 1-күйде	180 °C	75-80
қатырылған картоптар	1000 г	таба 2-күйде	190 °C	55-60
жас картоптар	1000 г	таба 2-күйде	190 °C	50-55
қатырылған тоқаштар	6 дана	таба 2-күйде	160 °C	25-30




BROIL/GRILL FUNCTION (Отқа қақтау)

Бұл функция сүбелерді, шұжықтарды және қабырғаларды немесе гратинді пісіруге өте ыңғайлы...

- Бұл функцияда алдын ала қыздырудың қажеті жоқ.
- Тамақты отқа қақтау плитасына (D) қойып, пешке табамен (E) бірге салыңыз. Таба (E) мен отқа қақтау плитасы (D) суретте көрсетілгендей орналасуы керек (3 және 4-күй).



- Есікті жабыңыз.
- Қосу/күту режимі түймесін (N) басыңыз. Пеш іске қосады. Пеш қосылған кезде ешбір тетік бұралмаса немесе түйме басылмаса, ол 2 минуттан соң өшіп, күту режиміне өтеді.
- Дисплейде пайда болатын автоматты түрде таңдалатын функция – BAKE (дәстүрлі пісіру).
- FUNCTION тетігін (O) BROIL/GRILL (Қуыру/отқа қақтау) режимін таңдау үшін бұраңыз; дисплейде BRL жазуы көрінеді және пісіру уақыты үшін өзгертуге болатын мән жыпылықтайды. Егер бұл мән орнатылмаса, дисплейде 0:30 минут көрсетіледі.



- Бұл функцияда температура автоматты түрде орнатылады.
- Таймер тетігін (G) пісіру уақытын (минималдық 0:01 минуттан максималдық 2:00 сағатқа дейін) орнату үшін бұраңыз.
- Пісіруді бастау үшін START түймесін (H) басыңыз. START түймесінің (H) айналасындағы қызыл шам (I) жанады.
- Пісіру барысында тамақты жартылай аударыңыз.
- Пісіру уақыты аяқталған кезде, дисплейде END (Аяқталды) хабары көрінеді де, пеш дыбысты сигнал береді.
- Пешті қайта орнату үшін, пайдалану барысында немесе пісіру аяқталған кезде, яғни, дисплейде END хабары көрінген кезде, қосу/күту күйі (N) түймесін (N) 2 секундқа басыңыз.
- Пеш есігін ашып, тамақты пеш қолғабын киіп алыңыз.


BROIL/GRILL (Қуыру/Отқа қақтау) функциясы қосылады да, функцияны BAKE (дәстүрлі пісіру) немесе CONVECTION (желдетіп пісіру) күйіне пісіруді тоқтатпай өзгерте аласыз. Жаңа қалаған функцияларды таңдау үшін FUNCTION тетігін (O) бұрасаңыз болғаны. Пісіру уақыты бұрын орнатылған күйде қалады және температура автоматты түрде орнатылады (180°C)


ТАҒАМДАР	САЛМАҒЫ	КҮЙ ОТҚА ҚАҚТАУ ПЛИТАЛАРЫ/ТАБА	ТЕМПЕРАТУРА	TIME (минут)
мойын сүбесі	3 дана	отқа қақтау плитасы 4-күйде таба 3-күйде	автоматты	25-30
шұжықша	400 г	отқа қақтау плитасы 4-күйде таба 3-күйде	автоматты	20-25
шабылған қозы еті	4 дана	отқа қақтау плитасы 4-күйде таба 3-күйде	автоматты	15-20


PIZZA FUNCTION (Пицца функциясы)



Бұл функция жас және қатырылған пиццаларды пісіруге өте ыңғайлы.


- Бұл – алдын ала орнатылған бағдарламаларды қамтитын автоматты функция.
- PIZZA функциясында пісіру уақыты мен температура автоматты түрде орнатылады. Сондықтан, қажет болса, пісіру соңында бірнеше минут қосуға болады.
- Пиццаны пицца плитасына (Q) қойыңыз, барлығын отқа қақтау плитасына (D) қойып, пештің 1-күйіне енгізіңіз.





- Есікті жабыңыз.
- Қосу/күту режимі түймесін  (N) басыңыз. Пеш іске қосылады. Пеш қосылған кезде ешбір тетік бұралмаса немесе түйме басылмаса, ол 2 минуттан соң өшіп, күту режиміне өтеді. Дисплейде пайда болатын автоматты түрде таңдалатын функция – BAKE (дәстүрлі пісіру).
- PIZZA режимін таңдау үшін FUNCTION тетігін (O) бұраңыз. Пицца салмағының мәні жыпылықтайды.






- Температураны/салмақты реттеу тетігін  /  (M) пицца салмағын орнату (минималдық 100 г-нан максималдық 900 г-ға дейін)




және пісірілетін пиццаның түрін таңдау үшін бұраңыз: "жас" немесе "қатырылған" ( FROZEN).



- Пісіруді бастау үшін START түймесін (H) басыңыз. START түймесінің (H) айналасындағы қызыл шам (I) жанады.
- "Жас" пицца пісіру кезінде дыбысты сигнал пиццаға моцарелланы қосу үшін пешті ашуды ескертеді. Бұл "қатырылған" пиццаны ( FROZEN) пісіру кезінде болмайды.
- Есікті жабыңыз және пісіру кезеңі аяқталғанша күтіңіз.
- Бір уақытта екі "қатырылған" пиццаны ( FROZEN) екі отқа қақтау плитасына (D) суретте (1 және 3-күй) көрсетілгендей етіп қою арқылы пісіруге болады.



Пісірудің ортасында екі отқа қақтау плитасының күйін ауыстырыңыз.


- Пісіру уақыты аяқталған кезде, дисплейде 00:00 жыпылықтайды және пеш дыбысты сигнал шығарады. Қажет болса, 10 минутқа дейін қосуға болады. Егер 5 минут ішінде ешбір уақыт орнатылмаса, пеш параметрлері автоматты түрде қайта орнатылады. Егер қосымша уақыт орнатылса, ол аяқталған кезде дисплейде "END" жазуы көрінеді.
- Пешті қайта орнату үшін, пайдалану барысында немесе пісіру аяқталған кезде, қосу/күту күйі  түймесін (N) 2 секундқа басыңыз.
- Пеш есігін ашып, екі пиццаны пеш қолғабын киіп алыңыз.



COOKIES FUNCTION (Печеньелер/Бисквиттер функциясы)

Бұл функция дәмді бисквиттер пісіруге өте ыңғайлы...



- Бұл – алдын ала орнатылған бағдарламаларды қамтитын автоматты функция.
- Бұл функцияда піру уақыты мен температура автоматты түрде орнатылады. Пісіру уақытын әлі де таймер тетігін ☺ (G) бұрау арқылы өзгертуге болады.
- ⏸ Қосу/күту режимі түймесін (N) басыңыз. Пеш іске қосылады. Пеш қосылған кезде ешбір тетік бұралмаса немесе түйме басылмаса, ол 2 минуттан соң өшіп, күту режиміне өтеді. Дисплейде пайда болатын автоматты түрде таңдалатын функция – BAKE (дәстүрлі пісіру).
- FUNCTION тетігін (O) COOKIES (Печеньелер) режимін таңдау үшін бұраңыз; дисплейде "1P" жыпылықтайды.



- Температураны/салмақты реттеу тетігін 🌡️/📏 (M) пісіретін бисквиттер мөлшерін таңдау үшін бұраңыз: "1P" – бисквиттерді бір деңгейге қойып пісіру үшін немесе "2P" – бір уақытта екі деңгейде пісіру үшін.


1 P

2 P




- Алдын ала қыздыру кезеңін бастау үшін START түймесін (H) басыңыз. START түймесінің (H) айналасындағы қызыл шам (I) жанады және дисплейде PRE-HEAT (Алдын ала қыздыру) хабарын көрсетеді.
- Пеш орнатылған температураға жеткен кезде, дыбысты сигнал естіледі. Пісіру уақыты мен қызыл шам (I) жыпылықтайды.

- Пеш есігін ашып, бисквиттерді табаға (E) салыңыз (бисквиттерді бір деңгейде пісіру үшін) және барлығын пештің 2-күйіне енгізіңіз.



- Бисквиттерді бір уақытта екі деңгейде бисквиттерді екі отқа қақтау плиталарына (D) тамақ пісіру қағазы арқылы тікелей қойып және барлығын пештің 1 және 3-деңгейіне енгізу арқылы пісіруге болады. Пісірудің ортасында қызыл функция шамы (I) жыпылықтайды және дыбысты сигнал шығады, бұл екі отқа қақтау плитасының орындарын ауыстырып салу керектігін білдіреді.




- Есікті жабыңыз.
- Пісіруді жалғастыру үшін START түймесін (H) басыңыз.
- Пісіру уақыты аяқталған кезде, дисплейде 00:00 хабары көрінеді де, пеш дыбысты сигнал береді. Қажет болса, 10 минутқа дейін қосуға болады. Егер 5 минут ішінде ешбір уақыт орнатылмаса, пеш параметрлері автоматты түрде қайта орнатылады. Егер қосымша уақыт орнатылса, ол аяқталған кезде дисплейде "END" жазуы көрінеді.
- Пешті қайта орнату үшін, пайдалану барысында немесе пісіру аяқталған кезде, қосу/күту күйі ⏸ түймесін (N) 2 секундқа басыңыз.
- Пеш есігін ашыңыз және табаны (E) немесе екі отқа қақтау плитасын (D) пеш қолғаптарымен ұстап шығарыңыз.




KEEP WARM (ЖЫЛЫ КҮЙДЕ САҚТАУ)

- Бұрын пісірілген тағамды отқа қақтау плитасына (D) немесе табаға (E) салып, оны пештің 1-деңгейіне енгізіңіз.



- Есікті жабыңыз.
- Қосу/күту режимі түймесін (N) басыңыз. Пеш іске қосылады. Пеш қосылған кезде ешбір тетік бұралмаса немесе түйме басылмаса, ол 2 минуттан соң өшіп, күту режиміне өтеді. Дисплейде пайда болатын автоматты түрде таңдалатын функция – BAKE (дәстүрлі пісіру).
- KEEP WARM режимін таңдау үшін FUNCTION тетігін (O) бұраңыз. Жылы сақтау үшін өзгертуге болатын мән жыпылықтайды.



- Таймер тетігін (G) жылы сақтау уақытын (минималдық 0:01 минуттан максималдық 2:00 сағатқа дейін) орнату үшін бұраңыз.
- Бұл функцияда температура автоматты түрде орнатылады.
- Жылы күйде сақтау функциясын бастау үшін START түймесін (H) басыңыз. START түймесінің (H) айналасындағы қызыл шам (I) жанады.
- Жылы сақтау уақыты аяқталған кезде, дисплейде END (Аяқталды) хабары көрінеді де, пеш дыбысты сигнал береді.
- Пешті жұмыс істеу барысында немесе орнатылған жылы сақтау уақытының соңында, дисплейде END жазуы көрінген кезде, қосу/күту режимі (N) түймесін (N) 2 секунд басып тұрыңыз.
- Пеш есігін ашып, тамақты пеш қолғабын киіп алыңыз.

Баяу пісіргіш

Өзінің діл төмен температурасымен, ЖЫЛЫ САҚТАУ функциясын да баяу пісіргіш режим ретінде пайдалануға болады. Бұл функцияда пісіру уақытын 6 сағатқа дейін орнатуға болады.




DEFROST FUNCTION (Еріту функциясы)


Бұл функция қатырылған тағамдарды ерітуге өте жақсы...

Бұл функцияны пайдаланбас бұрын пештің толық салқындағанына көз жеткізіңіз.

- Ерітілетін тағамды отқа қақтау плитасына (D) немесе табаға (E) салып, оны пештің 1-деңгейіне енгізіңіз.



- Есікті жабыңыз.
- Қосу/күту режимі түймесін (N) басыңыз. Пеш іске қосылады. Пеш қосылған кезде ешбір тетік бұралмаса немесе түйме басылмаса, ол 2 минуттан соң өшіп, күту режиміне өтеді.
- Дисплейде пайда болатын автоматты түрде таңдалатын функция – BAKE (дәстүрлі пісіру).
- FUNCTION тетігін (O) DEFROST (Еріту) режимін таңдау үшін бұраңыз; дисплейде DEF ЖАЗУЫ КӨРІНЕДІ ЖӘНЕ пісіру уақыты үшін өзгертуге болатын мән жыпылықтайды. Егер бұл мән орнатылмаса, дисплейде 0:30 көрсетіледі.



- Таймер тетігін (G) еріту уақытын (минималдық 0:01 минуттан максималдық 2:00 сағатқа дейін) орнату үшін бұраңыз.
- Еріту циклін бастау үшін START түймесін (H) басыңыз. START түймесінің (H) айналасындағы қызыл шам (I)


жанады.

- Еріту уақыты аяқталған кезде, дисплейде END (Аяқталды) хабары көрінеді де, пеш дыбысты сигнал береді.
- Пешті қайта орнату үшін, пайдалану барысында немесе еріту аяқталған кезде, яғни, дисплейде END хабары көрінген кезде, қосу/күту күйі түймесін (N) 2 секундқа басыңыз.
- Пешті ашып, тамақты алыңыз.

ТАМАҚТЫ ПАЙДАЛЫ ПІСІРУ ТУРАЛЫ КЕҢЕСТЕР

BAKE және CONVECTION функцияларында майлы тағамдарды пісірген кезде, тамақты отқа қақтау плитасының үстіне тікелей салып, 2-деңгейге қойып, табаны 1-күйге қойған жөн.

Сонда аққан май табаға тамып, жиналады.



ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ КӨРСЕТУ


Жиі тазалау тамақ пісіру кезінде түтіннің және жаман иістердің шығуының алдын алады. Құрылғы ішіне май жиналуына жол бермеңіз.

- Кез келген күтім көрсету немесе тазалау жұмысын орындау алдында пешті розеткадан ажыратып, суытыңыз.
- Пештің есігін, ішкі қабырғаларын және сыртқы беттерін өткір емес жуғыш қоспа пен судың қосындысымен тазалап жуып, жақсылап кептіріңіз.
- Өткір, қышқылды немесе агрессивті, тұтанғыш сұйықтықтар, қырғыш губкалар немесе істік металл құралдарды осы құрылғыны тазалау үшін пайдаланбаңыз. Құрылғыны суға батырмаңыз немесе оны ағын су астында жуыңыз.




Пештің үстіндегі саңылауларға су немесе сұйық сабын кіруіне жол бермеңіз.

- Тек қолмен жуылуы және жақсылап кептірілуі керек қиқым науасынан басқа қосымша құралдарды қолмен немесе жуғыш машинада жууға болады.




- Қиқым науасын (R) пештің төменгі жағынан алыңыз.



Қолмен жуыңыз. Егер кетуі қиын кез келген қалдық болса, науаны ыстық сабынды сумен жуыңыз және қажет болса губкамен сызып алмай жайлап тазалаңыз.

- Пеш жұмыс істеп тұрған кезде, ішкі шам (B) әрқашан жанып тұрады. Шам лампасын ауыстыру үшін, мына әрекеттерді орындаңыз: пешті розеткадан ажыратыңыз, шыны қақпақты бұрап шешіңіз және шам лампасын дәл сондай түрдегі жаңа лампамен ауыстырыңыз (жоғарғы температураларға төзімді) да, шыны қақпақты орнына салыңыз. (шам лампасының түрі: E14, 15 Вт, 300 °C).








ҚОҒЫСҚА ТАСТАУ



Бұл құрылғыны үй қоқысымен тастамаңыз, оны тиісті қоқыс қабылдау орнына өткізіңіз.

ЖҰМЫСЫНЫҢ АУЫТҚУЛАРЫ

ДИСПЛЕЙДЕГІ ҚАТЕ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАР	СИПАТТАМА	ЫҚТИМАЛ МӘСЕЛЕ	ШЕШІМІ
E0:11 Err	Температура зондының ақаулығы	Электрондық басқарғыш температура зондының ақаулығын анықтады	Қате нөмірін жазып алыңыз. Басқарғышты қосу/ күту режимі түймесімен  (N) 2 секунд басып тұру арқылы қайта орнатып, розеткадан ажыратыңыз. Температура зонды зақымданған болуы мүмкін. Өкілетті DeLonghi қызмет орталығымен хабарласып, оларға қате нөмірін беріңіз.
E0:12 Err	Температура зондының ақаулығы	Электрондық басқару элементі температура зондының ақаулығын анықтады	Қате нөмірін жазып алыңыз. Басқарғышты қосу/ күту режимі түймесімен  (N) 2 секунд басып тұру арқылы қайта орнатып, розеткадан ажыратыңыз. Температура зонды зақымданған болуы мүмкін. Өкілетті DeLonghi қызмет орталығымен хабарласып, оларға қате нөмірін беріңіз.
E0:21 Err	Орнатылған температура тиісті деңгейге жетпейді Пеш температурасы қиынды уақыт ішінде орнатылған деңгейге жетпейді	Электрондық басқарғыш пеш бөлігінің қызуына шамадан тыс уақыт кететінін анықтады.	Қате нөмірін жазып алыңыз. Басқарғышты қосу/күту режимі түймесімен  (N) 2 секунд басып тұру арқылы қайта орнатып, розеткадан ажыратыңыз. Алдымен жұмыс істеу барысында пеш есігінің дұрыс жабылғанын тексеріңіз. Жұмыс барысында есік ашық күйде қалса, пеш орнатылған температураға дейін қызбайды. Егер, дегенмен, есік дұрыс жабылған болса, қыздыру элементтері зақымдалған болуы мүмкін. Өкілетті DeLonghi қызмет орталығымен хабарласып, оларға қате нөмірін беріңіз.
E0:22 Err	Шамадан тыс қызу Пеш температурасы тым жоғары.	Электрондық басқарғыш пеш бөлігінің температурасының шамадан тыс қызғанын анықтады.	Қате нөмірін жазып алыңыз. Басқарғышты қосу/күту режимі түймесімен  (N) 2 секунд басып тұру арқылы қайта орнатып, розеткадан ажыратыңыз. Пештегі электрондық басқарғыш зақымданған болуы мүмкін. Өкілетті DeLonghi қызмет орталығымен хабарласып, оларға қате нөмірін беріңіз.
E0:27 Err	Күтпеген кезде қызу Температура зонды қыздыру элементтері өшірілген болса да температураның артып жатқанын анықтады.	Электрондық басқарғыш қыздыру элементтері өшірілген болса да пеш бөлігінің қызғанын анықтады.	Қате нөмірін жазып алыңыз. Басқарғышты қосу/ күту режимі түймесімен  (N) 2 секунд басып тұру арқылы қайта орнатып, розеткадан ажыратыңыз. Бұл қате DEFROST (Еріту) функциясы пеш алдыңғы қолданыстан бері ыстық болып тұрған кезде басталғанда болады. DEFROST (Еріту) функциясын іске қоспаса бұрын пештің толық салқындағанын тексеріңіз. Егер DEFROST функциясы пайдаланылмаған болса, онда электрондық басқарғыш зақымданған болуы мүмкін. Өкілетті DeLonghi қызмет орталығымен хабарласып, оларға қате нөмірін беріңіз.

ЫҚТИМАЛ МӘСЕЛЕ	ШЕШІМІ
Пеш іске қосылмайды.	<ul style="list-style-type: none"> - Ашалы қосқыштың розеткаға толық енгізілгеніне көз жеткізіңіз. - Басқа розеткаға қосыңыз. - Ауыстырып қосқыштың дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз. <p>Егер бұл шешімдермен проблема шешілмесе, онда пеште ақаулық болуы мүмкін. Өкілетті DeLonghi қызмет орталығымен хабарласыңыз</p>
Дисплей шамы өшірулі.	<p>Күн уақыты орнатылмаған болса, пештегі электрондық біраз уақыт пайдаланылмағаннан кейін басқарғыш күту режиміне өткен.</p> <p>Күн уақыты орнатылған кезде, дисплей шамы әрқашан қосулы болады.</p>
Күн уақыты көрінбей кетті.	<p>Бұрын орнатылған күн уақыты көрінбей кетсе, қуат 5 секундтан астам ажыратылған болғаны. Электрондық басқарғыш қайта орнатылды.</p> <p>Күн уақытын қайта орнатыңыз.</p>
Пеш қосулы кезде пеш шамы жанып тұрады.	<ul style="list-style-type: none"> - Шам лампасы күйіп кеткен. Оны ауыстырыңыз. - Шам лампасы дұрыс орнатылмаған. Лампа шамының жеткілікті бұралғанын тексеріңіз. <p>Егер бұл шешімдермен проблема шешілмесе, онда шамды басқару элементінде ақаулық болуы мүмкін.</p> <p>Өкілетті DeLonghi қызмет орталығымен хабарласыңыз</p>
Пицца біркелкі піспейді.	<p>Кейбір өте үлкен пиццалардың немесе ерекше қамырдан және ингредиенттерден жасалғандарының біркелкі пісуі қиын.</p> <p>Жақсы пісуі үшін пиццаны пісіру барысында айналдырып отырыңыз.</p>
Пеш саңылауларынан бу шығады.	<p>Бұл – қалыпты нәрсе. Пеште ерекше ылғалды тағамдардан шығатын артық ылғал шығатын саңылаулар бар.</p>
Есік шынысының ішкі бетінде су тамшылары бар.	<p>Бұл – қалыпты нәрсе. Өте ылғалды тамақтардан шығатын ылғал шынының бетіне тиеді де, есіктің ішкі төменгі жағындағы арнайы бағыттауышқа жиналады.</p>

РЕЦЕПТИЛЕР

ЖАҢА ПИСКЕН ПИЦЦА

Ингредиенттер:	Мөлшері:
су	200 г
жас ашытқы	7 г
Ақ үн W330 (немесе Манитоба 0 түрі)	210 г
дурум бидайының ұны	50 г
бірінші сығындыдан алынған зәйтүн майы	15 г
тұз	6 г
моцарелла	100 г
қызанақ соусы	
талғамға сай мөлшердегі тұз	
талғамға сай мөлшердегі орөгано	

1. Пицца қамырын дайындаңыз: ашытқыны миксер ыдысында суға ерітіңіз, ұн қосыңыз және қамырды ілмектен қалақ көмегімен жиі-жиі алып тастай отырып, 7-8 минут араластырыңыз.
2. Сол кезде шамалы тұз бен сұйық майды қосыңыз. Сұйық май толық сіңірген кезде, қамырды майланған бетке салып, қолдарыңызбен шарлар жасаңыз.
3. Оны үлкен, аздап май жағылған ыдысқа салып, пленкамен немесе таза шүберекпен жабыңыз да, өтпе желі жоқ, жылы жерге көтерілгенше қойыңыз.
4. Қабырдың көлемі екі есе көтерілгенше күтіп (шамамен бір жарым сағат), пиццаны жайыңыз. Қамырды аздап үн себілген бетке қойып, қолдарыңызбен жазыңыз. Берілген пицца плитасын мұқият майлап, оның үстіне қамырды жайыңыз да, үстіне қызанақ соусын, бір шымшым тұз және орөгано салыңыз.
5. Пицца плитасын пештегі 1-бағыттауыш арнаға енгізілген отқа қақтау плитасының үстіне енгізіңіз. PIZZA функциясын таңдаңыз, салмақты 800 г етіп таңдап, START түймесін (H) басыңыз.
6. Аяқталуға 6 минут қалғанда пеш дыбысты сигнал шығарады. Текшелеп туралған моцарелланы қосып, пісруді жалғастырыңыз.
7. Піскен соң үстелге ұсыныңыз.

ЛАЗАНЬЯ АЛЛА БОЛОНЬЕЗЕ

Ингредиенттер:	Мөлшері:
Жас лазанья,	10 жайма
Бешамель	1 л
ет соусы	500 г
пармезан сыры	100 г

1. Алдымен ет соусын, сосын бөлек Бешамель соусын дайындаңыз.
2. Сосын лазаньяларды 30x20 см төртбұрышты пісіру ыдысына сала бастаңыз. Ыдысқа Бешамель соусын біркелкі және бетті толық жабатындай етіп бір қабат жағыңыз. Бір қабат лазанья қамырын қойып, тағы да жұқа Бешамель қабатын жағыңыз.
3. Сосын бір қабат ет соусын және үгітілген сырды салып, ыдыстың бетін толық жабыңыз. Барлық ингредиенттер таусылғанша қабаттап сала беріңіз. Бетіне ет соусын жағып, пармезан сырын жұқалап себіңіз.
4. BAKE функциясын таңдаңыз, температураны 180°C-қа орнатып, уақытты 40 минутқа орнатыңыз да, START түймесін (H) басыңыз. Пеш алдын ала қыздыру кезеңін бастайды. Температура тиісті деңгейге жеткен кезде, дисплейде пісіру уақыты көрінеді. Науаны 1-бағыттауыш арнаға енгізілген отқа қақтау плитасының үстіне салып, орнатылған уақытпен пісіріңіз.
5. Соңында оны пештен алып, үстелге қоймас бұрын салқындатыңыз.

СЫР ЖӘНЕ ШПИНАТ САЛЫНҒАН ТАУЫҚ ЕТІ ОРАМАЛАРЫ

Ингредиенттер:	Мөлшері:
тауық кеудесі	4
тіліктелген пияз	2
алдын ала пісірілген шпинат	200 г
талғамға сай бірінші сығындыдан алынған зәйтүн майы	
талғамға сай мөлшердегі тұз бен бұрыш	
талғамға сай мөлшердегі шатыраш (шалфей)	
талғамға сай мөлшердегі гүлшетен (розмарин)	

1. Тауық кеудесін ет жұмсартқыш балғамен жайлап ұрыңыз. Тұз, бұрыш және уатылған гүлшетенді және шатырашты қосып дәмдеңіз. Әрқайсысына шпинатты және сабақталып кесілген сырды салыңыз.
2. Тауық еті тіліктерін ораңыз және тіс тазалағыш талшықтармен немесе арнайы ас түйреу талшығымен бекітіңіз.
3. Табаға ас пісіру қағазын төсеп, үстіне орамаларды салыңыз.
4. CONVECTION функциясын таңдаңыз, температураны 180°C-қа орнатып, пісіру уақытын 30 минутқа орнатыңыз. START түймесін (H) басыңыз. Пеш алдын ала қыздыру кезеңін бастайды.
5. Температура тиісті деңгейге жеткен кезде, дисплейде пісіру уақыты көрінеді. Табаны 2-бағыттауыш арнаға енгізіңіз және орнатылған уақытпен пісіріңіз.
6. Үстелге тіліктеп тұрап ұсыныңыз.

КҮНЖІТ КАРТОПТАРЫ МЕН ЗІМБІР ПИЯЗЫНЫҢ КРЕМІ ҚОСЫЛҒАН ҚУЫРЫЛҒАН ШОШҚА САН ЕТІ

Ингредиенттер:	Мөлшері:
Шошқа сан еті (2 кесек, ұзындығы бойынша екіге бөліңіз)	1,4 кг
органикалық қызыл картоп	500 г
балдыркөк (сельдерей), сәбіз және пияз қосындысы талғамға сай мөлшерде	
сарымсақ	2 түйір.
1 ас қасық Дижон қышасы	
6 түйір қалампыр	
талғамға сай мөлшердегі шатыраш (шалфей), гүлшетен (розмарин)	
бірінші сығындыдан алынған зәйтүн майы	3 г
пияз	150 г
жас зімбір (имбирь)	30 г
талғамға сай мөлшердегі тұз бен бұрыш	

1. Шошқа сан еттерін бір күн бұрын қыша, 2 ас қасық сұйық май, қалампыр, сарымсақ (чеснок), дәмдеуіш шөптер, бір стақан ақ құрғақ шарап, тұз және бұрыш қосып бұқтырып қойыңыз (ұсынылады).
2. Сәбіздерді, балдыркөкті және пиязды езіп, етпен араластырып, барлығын табаға салыңыз.
3. Табаны 1-деңгейге енгізіңіз, есікті жабыңыз және пештің KEEP WARM (Жылы сақтау) функциясын 4 сағатқа орнатыңыз.
4. Сонымен қатар картоптарды ас содасымен жуып, 3x3 см текшелеп тураңыз.
5. Картоптарды қайнауға жақын қалғанға дейін тұзды суда ұстап, шығарып алыңыз да, тұз, бұрыш, май және күнжіт майын қосыңыз.
6. Пияздарды езіп, кремге айналғанша 500 г суда қайнатыңыз да, уатылған зімбірді қосып, күріш ұнын сеуіп, жақсылап араластырыңыз. Қажет болса тұз қосыңыз. Соустың құрамы крем тәріздес болуы керек. Қажет болса, оны температурасын азайтыңыз.
7. Шошқа сандарын пештен алып, көкөністер мен пісіру шырындарын алып, бөлек қоя тұрыңыз. Картоптарды табаға қосыңыз
8. Бөлек қойылған шырындарды аз мөлшердегі бірінші сығындыдан алынған зәйтүн майымен бірге тамызыңыз.
9. CONVECTION функциясын таңдаңыз, температураны 220°C-қа орнатып, пісіру уақытын 30 минутқа орнатыңыз. START түймесін (H) басыңыз. Пеш алдын ала қыздыру кезеңін бастайды.
10. Температура тиісті деңгейге жеткен кезде, дисплейде пісіру уақыты көрінеді. Табаны 2-бағыттауыш арнаға

енгізіңіз және орнатылған уақытпен пісіріңіз.

11. Шошқа сандары қызарған соң, оларды пештен алып, үстелге екі дайындалған соуспен беріңіз.

ЖЕРОРТА ТЕҢІЗІ ТАБАН БАЛЫҒЫ

Ингредиенттер:	Мөлшері:
теңіз ақтабаны	2
черри қызанақтары	200 г
Таджаска зәйтүндері	100 г
1 түйір сарымсақ	
талғамға сай жебіршөп (тимьян)	
талғамға сай мөлшердегі тұз	
талғамға сай мөлшердегі бұрыш	
талғамға сай мөлшердегі зәйтүн майы	

1. Табан балықты қабығын аршып, жуыңыз және тазалаңыз. Балық ішін тұздаңыз және бұрыштаңыз, сосын бір түйір сарымсақты және екі тал жебіршөпті қосыңыз.
2. Науа ішіне май құйып, үстіне екі теңіз табан балығын реттеп салыңыз.
3. Черри қызанақтарын екіге бөліңіз және қара зәйтүндермен науаға салыңыз, сосын барлығына тұз себіңіз.
4. ВАКЕ функциясын таңдаңыз, температураны 200°C-қа орнатып, пісіру уақытын 35 минутқа орнатыңыз. START түймесін (H) басыңыз. Пеш алдын ала қыздыру кезеңін бастайды.
5. Температура тиісті деңгейге жеткен кезде, дисплейде пісіру уақыты көрінеді. Табаны 2-бағыттауыш арнаға енгізіңіз және орнатылған уақытпен пісіріңіз.
6. Үстелге ұсыныңыз.

ДЖЕМДІ ТОРТ

Ингредиенттер:	Мөлшері:
ұн	250 г
қант	110 г
сары май	125 г
жұмыртқа	(1 толық және 1 сарыуыз)
1 шымшым ас тұзы	
жем	200 г

1. Барлық ингредиенттерді (жемнен басқа) блендерде араластырыңыз. Жиегіне қамырдың 1/3 бөлігін сәндік үшін қойыңыз.
2. Қалған қамырды орап, алдын ала сары май жағылған және ұн себілген тоқаш қалыбына тізбектеп салыңыз.
3. Джемді қосыңыз және қамырдың қалғанын сабақтап кесіп, айқас өрнек етіп салыңыз.

4. ВАКЕ функциясын таңдаңыз, температураны 180°C-қа орнатып, пісіру уақытын 35 минутқа орнатыңыз. START түймесін (H) басыңыз. Пеш алдын ала қыздыру кезеңін бастайды.
5. Температура тиісті деңгейге жеткен кезде, дисплейде пісіру уақыты көрінеді. Тоқаш қалыбын 1-бағыттауыш арнаға енгізілген отқа қақтау плитасының үстіне салып, орнатылған уақытпен пісіріңіз.

БИСКВИТ

Ингредиенттер:	Мөлшері:
6 жұмыртқа	
қант	190 г
00 ұны	150 г
картоп крахмалы	75 г
ванилин	2 г

1. Жұмыртқалар мен қантты ыдыста қою және көбікті болғанша шайқаңыз. Сосын елеуіштен өткен ұнды, крахмалды және ванилинді қосып, толық араласқанша шайқаңыз, бірақ шамадан тыс шайқамаңыз.
2. 26 см болатын тоқаш пісіруге арналған қалыпты майлап, үн себіңіз де, ортасына сары майды құйып, біркелкі жайылғанына көз жеткізіңіз.
3. ВАКЕ функциясын таңдаңыз, температураны 170°C-қа орнатып, пісіру уақытын 30 минутқа орнатыңыз. START түймесін (H) басыңыз. Пеш алдын ала қыздыру кезеңін бастайды.
4. Температура тиісті деңгейге жеткен кезде, дисплейде пісіру уақыты көрінеді. Тоқаш қалыбын 1-бағыттауыш арнаға енгізілген отқа қақтау плитасының үстіне салып, орнатылған уақытпен пісіріңіз.

ҚАРА ӨРІК ТОРТЫ

Ингредиенттер:	Мөлшері:
сары май	250 г
қант	250 г
жұмыртқа	(3 толық және 2 сарылуыз)
үн	250 г
мейіз	80 г
1 кесе ром	
1 шымшым ас тұзы	

1. Сары майды (2 сағат бұрын тоңазытқыштан шығарылған болуы керек) қантпен сары май ағарғанша былғаңыз.
2. Жұмыртқаларды бір-бірілеп қосып, сәлден соң ұнды, сосын тұзды қосыңыз. Сосын ром мен мейіздерді қосыңыз (жылы суға 30 минут бойы батырған соң).

Мейіздер құрғақтай сығылып, пісіру барысында қалыптың төменгі жағына батып кетпес үшін ұнға батырылған болуы керек.

3. Қоспаны алдын ала май жағылған және үн себілген тіктөртбұрышты табаға құйыңыз.
4. ВАКЕ функциясын таңдаңыз, температураны 150°C-қа орнатып, пісіру уақытын 90 минутқа орнатыңыз. START түймесін (H) басыңыз. Пеш алдын ала қыздыру кезеңін бастайды.
5. Температура тиісті деңгейге жеткен кезде, дисплейде пісіру уақыты көрінеді. Қара өріс салынған табаны 1-бағыттауыш арнаға енгізілген отқа қақтау плитасының үстіне салып, орнатылған уақытпен пісіріңіз.

ШОКОЛАД-ЖАҢҒАҚ ТҮЙІРШІКТЕРІ ҚОСЫЛҒАН ПЕЧЕНЬЕЛЕР

Ингредиенттер:	Мөлшері:
тазаланған орман жаңғақтары	110 г + 50 г
қоңыр қант	50 г
соя сүті	50 мл
Фарро ұны	25 г
какао ұнтағы	5 г
жүгері крахмалы	10 г
қара шоколад үгітінділері	15 г

1. Орман жаңғақтары мен қантты блендерде майдалаңыз
2. Ұнды, крахмалды және какао ұнтағын елеуіштен өткізіп, майдаланған орман жаңғақтарын, сосын шоколадтарды қосыңыз. Соя сүтін қосыңыз және қамырды біркелкі және ылғал болғанша илеңіз.
3. Қамырды қолмен өңдеуге ыңғайлы етіп қатайту үшін ыдысқа салып, тоңазытқышқа кемінде бір сағатқа қойыңыз.
4. Қамырды саусақшалар мен түйірлерге бөліп, домалақ пішіндер жасап, ас пісіру қағазы төселген отқа қақтау плиталарына қойыңыз. Шарларды шаңышқымен жалпайтын, үстіне орман жаңғақтарын себіңіз. COOKIES (Печеньелер) функциясын таңдап, 2P режимін орнатыңыз. START түймесін (H) басыңыз.
5. Температура жеткілікті қызған кезде пеш күту режиміне өтеді де, дисплейде пісіру уақыты жыпылықтайды. Отқа қақтау плиталарын 1 және 3 бағыттауыштарына енгізіп, 20 минуттық уақытты орнатыңыз және START түймесін (H) басыңыз.
6. Шамамен пісіру уақытының ортасында пеш дыбысты сигнал шығарады да, пісіру уақыты жыпылықтайды. Екі отқа қақтау плитасын ауыстырып салып, START түймесін (H) басыңыз.
7. Печеньелерді үстелге ұсыныңыз.